

“КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ”

*(Ғ. МҮСІРЕПОВТИҢ ТУҒАНЫНА
110 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕ АЛУ
КЕШІ)*



**«Ғабит Мүсіреповті
мақтаудың керегі
жоқ. Ғабит
Мүсіреповпен
мақтануымыз
керек».**

З. Қабдолов.



Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы -
қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам
және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР
Ғылым академиясының академигі,
әдеби сыншы, аудармашы,
Социалистік Еңбек Ері,
Қазақстанның халық жазушысы,
Қазақ КСР Ғылым академиясының
Абай атындағы және Ш.Уәлиханов
атындағы мемлекеттік
сыйлықтарының лауреаты.

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов- 1902 жылы 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы Жаңа жол ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген.

1916 жылы 14 жасында - Обаған деген жердегі нағашысының көмегімен орыс мектебіне оқуға түседі.

1923-26 жылдары -мектепті бітіріп, Преснегорьковтағы екі кластық орыс мектебін, жұмысшы факультетінде (рабфак) оқып, ауыл шаруашылық институтында оқиды.

1929-30 ж «Қос Шалқар»«Талпақ танау», «Ана туралы новеллалар», «Автографиялық әңгіме», «Көк үйдегі көршілер», «Күсен»,«Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері — Ақтоқты», «Аманкелді», «Қынаптан қылыш т.б, «Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Оянған өлке», «Кездеспей кеткен бір бейне»

1931-44 ж Шекспирден: «Антонин мен Клеопатра», М. Горькийдің «Өлімді жеңген ана» , «Адамның анасы» шығармаларын аударды.

1958 ж Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне, КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

1962,1972,1974 ж 3 мәрте Ленин,1975 ж 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, 1982 ж «Халықтар достығы» медальдары.

1970 ж Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алды.

1977 ж Қазақстан Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық алды.

1974 ж Кеңес әдебиетін өркендетуде сіңірген еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді.

1985 ж дүние салды.

1985 ж Алматы қаласының Қарасай батыр көшесінен мұражай, Астана қаласында көше, Балалар мен жасөспірімдер театры ашылып, ескерткіш мүсін қойылған.

«Жақсы кітап тоғыз ай, тоғыз күнде туа салмайды»

Ғ. Мүсірепов



«Халқымыздың өткен ғасырда бастан кешкен сан қилы күрделі тағдыры Мүсіреповтің құдіретті қаламы арқылы көркемдік бейнесін тапты. Оның әдебиеттегі зор еңбегі көзі тірісінде-ақ өзінің жоғары бағасын алды».

Н. Ә. Назарбаев





**« Габит Мүсірепов
көркем әдебиетте де,
театрда да, кинода
да - өнердің тағы
қандай түрі бар –
бәрі-бәрінде де
сұлулықтың гимн
дәрежесіне көтеріліп
келе жатқан
классик».**

Ш.Мұртазаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

20.00



POSTAGE
PAID



Жазушы Ғабиден
Мұстафиннің
Ғабит Мүсіреповке
сыйлық таяғы.
Сурет Ғабит
Мүсірепов
мұражайынан
түсірілді.
Алматы, 11 қараша
2009 жыл.

ҒАБЕҢНЕН ҚАЛҒАН ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР



□ Ана тілінен
айырылған адам
өз халқы жасаған
мәдени мұраның
бәрінен құралақан
қалады.

Ғ.Мүсірепов

- Шала білім, шалағай мәдениет бір құлатпай қоймайды.
- Данышпандықты танып, білген де ғана-данышпан.
- Үлкен өнердің - үлкен, таза мінезі болуға керек.
- Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде - ұлт та ұлы бола алмайды.
- Театр - хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер.
- Көркем сөз- жанның сәулесі.
- Талантқа қанат болар сезім емес, сенім болу керек.
- Ел ерсіз, ер елсіз болмайды.

ҒАБЕЦЕ ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ



ҒАБЕНДІ АҚТЫҚ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛУ



МҰХТАР ШАХАНОВ “ҚАЛАМДАС ДОСҚА”

**Ғұмыр бойы тыным көрмей арпалысқан Ар үшін,
Шыншыл, адал мінезімен жақын еткен алысын,
Күллі қазақ өнерінің арқалаған намысын
Сенімен де қоштасар кез келгені ме, арысым?!
Саған деген қошеметтің ұлан-ғайыр аумағы,
Табытыңа бас иіп тұр қазақтың бар таулары.
Саған сәлем кең далаңнан – жанарынан жас тамған,
Саған сәлем жас буыннан – жазылмаған дастаннан.
Қай кезде де туған елге деген ұлы махаббат
Өз ұлтының даналарын қадірлеуден басталған.
Ғасырына қуат қосқан даңқыңды ешкім бөгемес,
Қазақтың сөз өнерінен бой көтерген Эверест.
Қадірлім-ау, ескерткіш қып сенің ұлы тұлғаңа
Көк тіреген Алатаудың өзін қойса, көп емес.**

ТУҒАН ЕЛГЕ СОҢҒЫ СӨЗ

Кешегі өткен Ғабиден досқа: “Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!” дегенім бар еді. Сол мөлшерім мөлшер болды. Қойны суық қасиетті қара жер құшағына, міне, мен де кеткелі жатырмын.

Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен. Жас қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны – осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата буын әдебиетінің атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы.

Қалам ұстауға халім болмағандықтан, хатты Әлжаппар мен Мұхтарға айтып жаздырдым.

Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, қош, қош болыңдар!

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Назарларыңызға рахмет!

